



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№

4

№ 21.10.2020 г.

**Тұрақты комиссияның
2020 жылғы 21 қазандағы
қаулысы**

**Нұр-Сұлтан қаласының сумен жабдықтау,
су бұру және сарқынды суларды тазарту
жүйелерінің жұмыс істеуін және дамуын
қамтамасыз ету саласында атқарушы
органның жүргізіп жатқан жұмысы туралы**

«Нұр-Сұлтан қаласының сумен жабдықтау, су бұру және сарқынды суларды тазарту жүйелерінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету саласында атқарушы органның жүргізіп жатқан жұмысы туралы» ақпаратты тыңдап әрі талқылағаннан кейін, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы жергілікті атқарушы органның Нұр-Сұлтан қаласының сумен жабдықтау, су бұру және сарқынды суларды тазарту жүйелерінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету саласындағы жүзеге асыру бойынша шаралар қабылдап жатқанын атап өтті.

«Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласында жаңбырлы су кәрузін қоса алғанда, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу, қайта жаңарту және жаңғырту бойынша жобаларды іске асыру бойынша белгілі жұмыстарды жүзеге асырады.

Елорданың сумен жабдықтау және суды тазарту жүйесі келесі инженерлік құрылымдармен ұсынылған: жалпы қуаттылығы тәулігіне 410 мың м³ болатын 1-ші көтерілімнің 2 сорғы станциясы (Астана су қабылдағышы), Нұра-Есіл каналындағы 1-көтерілімнің сорғы станциясы, ауыз су тазарту станциясы және 2-ші көтерілімнің сорғы станциясы, су сорғы станциялары (98 дана).

Сумен жабдықтау желілерінің ұзындығы 1412 км құрайды, оның 405 км (29%) 100% тозған және одан әрі пайдалануға жатпайды.

Сумен жабдықтау жүйелерінің орташа тозу деңгейі – 41,0% құрайды.

Орталықтандырылған сумен жабдықтауға халықтың 96,5%-і «үйдегі су» жайлы дәрежесімен қол жеткізе алады, 3,4% ауыз суды колонкалар арқылы пайдаланады.

Орталықтандырылмаған сумен жабдықтауды (*скважиналар, құдықтар*) халықтың 0,1% пайдаланады.

Елорда аумағында 216 дана колонка бар.

Қолданыстағы ССС қуаттылығы – тәулігіне 305 мың м³. Қаланы орташа тәуліктік сумен жабдықтау тәулігіне 260 мың м³ құрайды.

Қала тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 2018 жылы бірқатар ірі жобалар аяқталды.

229 бюджеттік бағдарлама аясында мынадай жобалар аяқталды:

«Қуаты тәулігіне – 200 мың м³ болатын қолданыстағы сорғы-сүзгі станциясын қайта құру», жалпы құны 11,1 млрд. теңге;

«Ұзындығы 4,6 км, диаметрі 1200 мм су өткізгіштің апаттық бөлігін қалпына келтіру» Железнодорожный тұрғын алабынан Мұстафина көшесіне дейін;

«1969 жылы салынған 1-көтерілімнің сорғы станциясын жаңарту жобасы». Жобаның құны – 2,6 миллиард теңгені құрайды.

Жобалардың уақтылы жүзеге асырылуы сумен жабдықтау желілеріндегі апаттардың деңгейін 48% төмендетіп, оларды күтіп ұстау мен қызмет көрсету шығындарының төмендеуіне әкелді.

Елорданың су бұру жүйесі инженерлік құрылымдармен ұсынылған: қуаттылығы тәулігіне – 254 мың м³ болатын тазарту құрылыстары және кәріз суларын тазартудың 165 – құрылғылары.

Су бұру ұзындығы 907 км құрайды, оның 234 км (26%) 100% тозған және одан әрі пайдалануға жатпайды.

Халықтың 92,8%-і орталықтандырылған кәріз жүйелеріне қол жеткізді.

Nova City коттеджи аумағынан және Вена орамына дейін сарқынды сулар ағынын қамтамасыз ететін Е 29 көшесіндегі кәріз құрылысы аяқталды.

Мемлекеттік «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша қарыз қаражаты есебінен тұрмыстық-шаруашылық кәріз желілерін қайта құру бойынша екі жобаны іске асыру басталды. Осы жобалар бойынша қайта жаңартылған желілердің ұзындығы 11,1 км құрады.

Сумен жабдықтау желілеріндегі судың ысырабын азайту мақсатында жыл сайын республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен 10 км астам су құбыры желілерін салу және қайта жаңарту жұмыстары жүргізіледі.

«Астана су арнасы» ШЖҚ МКК-нің жұмыс істеп тұрған кәсіпорны жыл сайын өз қаражаты есебінен құбырлардың диаметріне байланысты 10-нан 15 км дейінгі су желілерін қалпына келтіреді.

Сонымен бірге, сумен жабдықтау жүйесін дамытуға жыл сайынғы қаржыландыруға қарамастан, бірқатар мәселелер шешілмеген, бұл ауыз суға қол жеткізу және ұсынылатын сумен жабдықтау қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету көрсеткішінің 100%-не жетуге мүмкіндік бермейді.

Интернациональный кентінде қуаты тәулігіне – 105 мың м³ болатын сорғы-сүзгі станциясының уақтылы салынбауы, сумен жабдықтау қызметтерінің сапасына кері әсер етеді.

Қолданыстағы қуаттылығы тәулігіне – 305 мың м³ болатын сорғы-сүзгі станциясы ауыз судың қажетті көлемін қамтамасыз ете алмайды, әсіресе, жұмыс күші көп болған кезде және көктем-жаз кезеңінде. Сумен жабдықтау қызметтерінің қажетті көлемін ұсыну үшін қажет техникалық мүмкіндіктер жоқ.

Қала көшелерін түгелдеу кезінде сумен жабдықтау желілерін салуды немесе қайта жаңартуды қажет ететін 176 көше (*өткізу қабілеттілігін арттыру, желілердің тозуы*) және су бұру желілерін салуды қажет ететін 306 көше ашықталды.

50 жылдан астам уақыттан бері елордадағы жалғыз ауыз сумен қамтамасыз ету көзі – Астана су қоймасын тазарту мәселесі шешілмеген. Су қоймасының теңгерімді ұстаушысы – Су ресурстары комитеті жұмыс істей бастағаннан бері (1969 ж.) су қоймасы түбін тазарту және тереңдету жұмыстарын жүргізбеген, сондықтан қазіргі уақытта су қоймасындағы нақты су көлемі туралы сенімді ақпарат жоқ. Уақтылы тазарту жұмыстарының жүргізілмеуі су қоймасындағы судың сапасының нашарлауына және соның салдарынан сумен жабдықтаушы ұйымның ауыз су дайындауға шығындарының өсуіне де алып келеді.

«Астана су арнасы» ШЖҚ МКК сумен жабдықтау объектілерінде Нұр-Сұлтан қаласының Тауарлар мен қызметтердің сапасын бақылау және қауіпсіздігін бақылау департаменті жүргізген мониторингтің нәтижелері бойынша санитариялық-химиялық көрсеткіштер, паразитологиялық көрсеткіштер және микробиологиялық көрсеткіштер бойынша су сапасының соңғы 3 жылдағы динамикасында нашарлауы байқалады.

Нөсерлі ағынды сулар кәрізін тазарту қондырғыларының тиімсіз жұмысы, тұрмыстық сарқынды суларды жеке сектордан нөсерлі ағынды сулар кәріздеріне, Сарыбұлақ және Ақбұлақ су қоймаларына бақылаусыз ағызу Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ өзендеріндегі су сапасының нашарлауына әкеледі. Су бұру жүйесінің болмауы және ағынды сулар желісінің салынбауына байланысты, теңгерім ұстаушының болмауына байланысты (3-5 жыл ішінде) Индустриалды парк аумағында орналасқан объектілердің қызметінен кәріз жүйелердің жұмысындағы үзілістер аумақтың және жақын су объектілерінің ластану қаупінің туындауына алып келді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере келе, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының сумен жабдықтау, су бұру және сарқынды суларды тазарту жүйелерінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету саласында атқарушы органның жүргізіп жатқан жұмысы туралы» ақпарат назарға алынсын.

Интернациональный тұрғын алабында сорғы-сүзгі станциясының құрылысына қаражат бөлу мүмкіндігін қарастыру;

сумен жабдықтау және су бұру желілеріндегі тозуды азайту және ысыраптарды азайту мақсатында жыл сайын оларды қайта құруға және жаңартуға қаражат бөлуді жалғастыру;

ауыз су тапшылығын азайту мақсатында жаңа нысандарды сумен жабдықтау желілеріне қосу үшін техникалық шарттар беруді тоқтата тұру мүмкіндігін қарастыру;

сумен жабдықтау және су бұру нысандарын салу және оларды пайдалану үшін инвесторларға бермей, қайта құру үшін мемлекеттік-жекешелік серіктестік жобалары аясында инвесторларды тарту мүмкіндігін қарастыру;

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетіне Астана су қоймасының техникалық және санитариялық жағдайын сақтау, түбін тазарту және тереңдету жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы хат жіберу. Қажет болған жағдайда мүдделі тараптарды тарта отырып отырыс өткізуге бастамашылық жасау;

Интернациональный, Мичурино және Күйгенжар тұрғын алаптарындағы қолданыстағы қалалық желіге қосу бойынша жұмыстарды әр тұрғын ауданға арналған сорғы станцияларын салу арқылы жеделдету;

қаланың су нысандарының жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

ұзындығы 43,9 км болатын 1-ші көтерілім сорғы станциясынан Железнодорожный тұрғын алабына дейінгі су құбырын екі желі бойынша реконструкциялау жобасын іске асыруды жалғастыру;

«ТКШ ҚазОрталығы» АҚ-мен бірлесіп, ағынды суларды тазарту үшін қуаттылығы тәулігіне 118 мың м³ болатын №2 кәріздік тазарту құрылыстарының құрылысын бастауды жеделдету;

тұрмыстық-шаруашылық кәрізге, ағынды сулар кәрізіне және ағынды суларды ағызуға рұқсатсыз қосылу мәселесін үнемі бақылауға алу. «Elorda Eco System» ШЖҚ МКК-мен бірге нқсер суларының ластануының алдын алу жоспарын әзірлеу;

ауыз су сапасы мәселесін үнемі бақылауға алып, «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК-мен бірлесіп, ауыз судың сапа көрсеткіштерінің Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттар мен санитариялық қағидаларға сәйкес келуін қамтамасыз ететін кешенді шараларды қабылдау;

ағынды суларды сапалы тазарту үшін нөсерлі ағынды суларды тазарту құрылыстарына аудит жүргізу және ағынды сулардың сапалық құрамының тұрақты бақылауын қамтамасыз ету;

Индустриалды парк аумағындағы кәріз жүйесін олардың құзыретіне сәйкес жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға инженерлік желілерді беруімен үйлестіру;

сумен жабдықтау және су бұру, нөсерлі ағынды суларды кәріздері саласындағы қалалық инфрақұрылымның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру ұсынылсын.

4. «Есіл бассейндік инспекциясы» РММ (келісім бойынша):

су қоймасындағы су деңгейін, су тасқыны кезеңінде су қоймасынан шығарылатын су көлемін реттеу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

«Қазсушар» РМК Астана су қоймасының иесімен су қоймасын күтіп ұстау бойынша қажетті шараларды сақтау және қабылдау туралы мәселені пысықтау ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
құрылыс, экология, көлік, сауда және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы
төрағасының орынбасары**



И. Мещеряков